

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 ақпандағы N 123 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 қазандағы N 999 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 38, 426 - құжат);

2) "Тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) тіркелген баға белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 49, 528-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы N 1078 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 43, 504-құжат).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*